

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 – 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Мерейлі» жекеменшік балабақша

Топ: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Сәуір айы 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене шынықтыру	Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұғу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып).
	Сөйлеуді дамыту	Кітаптардағы суреттерді карау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру
	Көркем әдебиет	халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу;
	Сенсорика	әртүрлі көлемдегі заттарға (үлкен үй-кішкентай үй, үлкен матрешка - кішентай матрешка, үлкен доп-кішкентай доп және т.б) және оларды сөйлеуде атауға назар аудару біліктерін қалыптастыру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға), үй құстарын(тауық, қаз, үйрек), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.
	Құрастыру	қарапайым пазлдарды жинай алу қабілеттерін қалыптастыру
	Сурет салу	балаларды ересектермен бірге әрекет етуге (ересектердің салған суреттерін толықтыру) қызығушылықтарын тудыру;
	Мүсіндеу	сазбалшықтың кесегін алақан арасына салып илей алу дағдысын қалыптасытру
	Жапсыру	Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру
	Музыка	әнді уақытында бастау және аяқтау, озып кетпеу немесе қалып қоймау, кідірісті сақтауға үйрету